

**"Қалдықтар сыныптамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 31 мамырдағы N 169-ө бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау Министрінің 2008 жылғы 7 тамыздағы N 188-ө Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 20 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5287 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 6 тамыздағы № 314 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 06.08.2021 № 314 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**Қолданушылардың назарына!!!**

**Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қалдықтар сыныптамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 31 мамырдағы N 169-ө бұйрығына (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4775 болып тіркелген, 2007 жылғы 15 тамыздағы "Заң газеті" газетінің N 124 (1153) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Аталған бұйрықпен бекітілген Сыныптамаға 8-қосымшада:

"AD органикалық емес не органикалық құрамдастары бар қалдықтар" бөлігінде мынадай жол алынып тасталсын:

AD160	Қаланың тұрмыстық қалдықтары
-------	------------------------------

"AC Құрамында металдар мен органикалық емес материалдар болуы мүмкін негізінен органикалық құрамдас құрауыштардан тұратын қалдықтар" бөлігінде мына жол алынып тасталсын:

AC270	Кәріз лайы
-------	------------

Мына жолмен ауыстыру қажет:

AC270	Өнеркәсіп кәсіпорындарының лай қалдығы
-------	--

"А. 1 GA Қалдықтардың жасыл тізімі Металдар мен металл қорытпаларының металдық диспергирленбейтін нысандағы қалдықтар" бөлігі мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

GA121	Қоланың қалдықтары мен сынықтары
GA122	Латуньның қалдықтары мен сынықтары

"GB металдарды балқытудың, қорытудың және тазартудың құрамында металы бар қалдықтары" бөлігі мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

GB050	Жылумен өңделген құм және балшықтың пішінделген қоспалары
GB060	Құю өндірісінің қалдықтары
GB070	Жоғары көміртекті феррохром өндірісінің шлагы
GB071	Жоғары көміртекті феррохромның шлактарын өңдеуден кейін қалған ұсақталған тас кесек
GB072	Орташа көміртекті феррохром өндірісінің шлагы
GB073	Төмен көміртекті феррохром өндірісінің шлагы

"GD диспергирленбейтін нысандағы тау-кен өндіру өнеркәсібінің қалдықтары" бөлігі мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

GD090	Көмір елендісі
GD100	Кокс елендісі
GD110	Әк тас қалдықтары
GD111	Әк қалдықтары

"GG Құрамында металдар мен органикалық материалдар болуы мүмкін негізінен органикалық емес құрамдастары бар басқа да қалдықтар" бөлігі мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

GG170	Бетон, сынған кірпіш, сылақ, ағаш, шыны сынығы қалдықтарының қоспасы (құрылыс қоқысы)
-------	---

"GO Құрамында металдар мен органикалық емес материалдар болуы мүмкін негізінен органикалық құрамдас құрауыштардан тұратын басқа да қалдықтар" бөлігі мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

GO060	Қатты тұрмыстық қалдықтар (коммуналдық)
GO061	Кәріздеу тазарту имараттарынан лай қалдықтары

2. Осы бұйрық бірінші рет ресми жарияланған соң он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Н. Ысқақов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрі  
\_\_\_\_\_ А. Дерновой  
2008 жылғы 8 тамыз

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК